



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: [akmeshit.kz@mail.ru](mailto:akmeshit.kz@mail.ru)

## апталығы

### «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: ӘР БАЛАНЫҢ ӨЗ НЕСІБЕСІ БАР

Халықтың көңіліне жаққан бағдарлама туралы Президент:

– Балалар жылы аясында мен жариялаған «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге кадам басына мүмкіндік береді. Қор шын мәнінде ұлттық мұрагерге ие болады және халқымыздың игілігіне қызмет етеді, – деп баса айтқан еді.

Келер жылы жүзеге асатын «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді түгел қамтиды. Оларға жеке есепшот ашылып, Ұлттық қор инвестициялық табыстың 50 пайызын аударып отырады.

Бұған дейін қаржы министрлігі Ұлттық қордың осы кезге дейінгі жалпы инвестициялық кірісі 25,5 трлн теңгені құрайтынын айтқан. Соған сәйкес болжам бойынша Ұлттық қордан балалардың шотына жыл сайын 800-850 млрд теңге қаражат түспек. Десе де қаржы көлеміне қор ресурсының сарқылуды, инвестициялық кіріс көлемінің азаюы, бала туу мен көші-қон процестерінің өзгеруі сынды фактор әсер етуі мүмкін. Осының бәрін ескерген қаржы саласының мамандары қордан бала басына аударылатын қаражат көлемі жылына орташа есеппен алғанда 120 мың теңгедей болады деп болжайды.

Осы аптада қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында келер жылдың 1 ақпанынан бастап балалар шотына ақша түсетінін мәлімдеді. Сондай-ақ ол ақпан айында көмелет жасқа толғандардың қордағы қаржыны шешіп алуға құқы барын да ескертті.

– Қаражат 18 жасқа дейінгі барлық баланың санына қарай бөлінеді. Нәтижесінде бір балаға берілетін қаржы



Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Бәрекеті қоғам» атты халыққа Жолдауында еліміздегі жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі екенін, өрбір отбасы еліміздегі жер мен табиғи ресурстардың игілігін көруі керектігін айтқан еді. Президент тапсырмасымен келер жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа

мөлшері анықталады. Алғашқы қаржы 2024 жылдың 1 ақпанында аударылады. 1 ақпандан кейін 18 жасқа толған баланың Ұлттық қордан ақшасын шешіп алуға мүмкіндігі бар, – деді вице-министр.

Қалай десек те, балалардың есепшотына түсетін қаржыны қазіргі таңда ұлттық экономика министрлігі есептеп жатыр. Министрлік жұртшылыққа теңге құнсызданған жағдайда шоттағы қаржыға әсер етпейтінін, себебі оның доллармен сақталатынын айтқан еді.

Вице-министр қордағы қаржыны 18 жасқа толғаннан кейін қандай мақсатта жұмсауға болатынын да ашық айтты.

– Бұл қаражат баланың білім алуына, ипотекалық жарна төлеуіне, қарыздарды жабуына, баспана алуына жұмсауға беріледі. Бала көмелет жасқа толғаннан кейін ғана алушылар санатына көшеді. Сондай-ақ заңды өкілдер мен мұрагерлер де алушылар санатына жатады. Қаражат 10 жыл бойы алынбаса, баланың зейнетақы жинағына аудару мүмкіндігі бар. Қазақстан азаматтығы жойылған кезде төлемдерге талап қою мүмкіндігі де жойылады. Есепшоттағы ақша бала 18 жасқа толғаннан кейін 10 жыл бойы сақталады. Жобаның операторы – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, – деді ол.

Көмелет жасқа толмаған баласы бар әрбір ата-ана есепшотқа аударылған қаржыны бақылауына мүмкіндігі бар. Оны [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында баланың ЖСН нөмірін енгізу арқылы біле алады. Аталған сайтта балаға тек сол жылы аударылған төлем көлемі ғана көрсетіледі. Ал бірнеше жылдағы жинақ қаражатын [egov.kz](http://egov.kz) порталынан көре алады. Бала қайтыс болған жағдайда қордағы қаржы ата-анасына немесе бауырларына беріледі.

Айдана СЕЙІЛ

### ТЕҢДЕССІЗ ЖОБА, ИГІ ҚАДАМ

25 қазан – Республика күні қарсаңында облыс орталығында тағы бір нысанның іргетасы қаланды. Қызылордада жылу электр орталығын салу жоспарланған еді. Мереке қарсаңында ауқымды жобаның іргетасы қаланды. Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.



Жаңа орталықтың іргетасын қалау рәсімінде аймақ басшысы Сыр өңірінде көптеген игі істердің атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Бұған дейін де облыс орталығында бірқатар әлеуметтік нысан ел игілігіне берілген еді. Бүгінде атқарылған игі істердің жалғасы ретінде жаңа жылу электр орталығының салынуын айтуға болады.

– Еліміз тәуелсіздік алғалы республика аумағындағы жылу электр өндіретін алғашқы ірі нысан біздің аймақта салынады. Бұл – Сыр елінің инфрақұрылымдық дамуына жасалған айрықша мүмкіндік ері ақжолтай жаңалық. Жаңа жылу электр станциясы тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба екенін айтуға тиіспіз. Жобаның іске асуына ұйытқы болған Энергетика министрлігіне және «Акса Энерджи» компаниясының басшылығына барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымызды жеткіземіз, – деді облыс әкімі.

Сыр өңірінде жылу электр орталығын салу үшін өткен жылы Энергетика министрлігі мен «Акса Энерджи» компаниясы арасында келісім-шарт жасалған еді. Жоба құны 215 млрд теңгені құрайды. Құрылыс жұмысын жүргізуге бұл салада тәжірибесі мол «Акса Энерджи» компаниясы инвестор болмақ. Қазіргі таңда компания Еуропаның «Дженерал Электрик», «Сименс» және басқа да ірі компанияларына соңғы үлгідегі заманауи қондырғыларды дайындауға алдын ала төлем жасаған. Бүгінде «Акса Энерджи» компаниясы 76 млрд теңгеден астам инвестиция салып, жаңа нысанның құрылысын жүргізуге қазақстандық «ИНТЕРТАСКО» компаниясын бас мердігер ретінде таңдады.

Бұған дейін «Самұрық-Қазына» ұлттық компаниясының тапсырысы бойынша Атырау облысында газ электр станциясының құрылысын жүргізген компания жылу электр орталығын 2025 жылдың тамыз айында ел игілігіне табыстамақ.

А.ӘЛІМ

#### СҰХБАТ



Біздің бүгінгі жүрекжарды сұхбатымыздың қонағы – Сыр елінің төл перзенті, фольклортанушы ғалым, этномузикатанушы маман, атадан қалған жыраулық өнердің дүлдүлі, ұлттық өнердің бай мұрасын насихаттаушы, маржан сөздің мәйегінің бастауы болған ғасырдан жеткен бұрынғы ел ішіндегі таланттардың көсем сөзін жинақтап жарыққа шығарушы – Берік Мырзалыұлы Жүсіп.

### ТОПЫРАҒЫҢДЫ ТҮЛЕТУГЕ ЖҰМСАҒАН ҒҰМЫРДА ӨКІНІШ ЖОҚ

– Өнер әлемінде ерте танылды. Есімің аталғанда маған қара домбыраның бауырынан терме төгіп отырған баяғы өндірі «бала жырау» елестейді. Айтатыны жоқ, жұлдызың ерте жанған өнерпаздың бірсіңі. Халықтың ыстық ықыласына бөленген сәтін болар, өзіңді теледидардан көп көретіңбіз. Өнерге келу жолына тоқталып, шығармашылықты шыңдаған сәттеріңді еске алып, алыстан қол бұлғаған балалық шағыңа қайта саяхат жасасаң...

– Шынымды айтсам, «баяғының» жайы бұған дейін де біршама қаузалған. Ал бақ жұлдызымның ерте жанғаны, оны дер кезінде бағалаған абзал ағалардың болғаны рас. Елдің ыстық ықыласына сонау бесіктен белім шығып үлгермеген дерлік, он үш жасымынан бөлене бастаппын. Иә, теледидардың бетін бермегенім де шын, қазір де түсе қойған жоқпын. Бірақ кейінгі кезде мұның бәрін саналы түрде азайтып жүрген жайым бар. Кейбіреулер сұхбаттас болардың алдында, ең болмағанда бір-екі күн, баспасөз бетіне шолу жасап, «Бұл қазақ жайында не жазылды екен?» деп, жан кинайын демейді. Сондайлардан мезі болғанда, тіпті бәрін тастап, тұра қашқың келеді. Әйтпесе, тұлғалық, шығармашылық келбетім,

әншілік, күйшілік, жыршылық өнерім, кәсіби сахнагерлік табиғатым, фольклортанушы ғалым, этномузикатанушы маман ретіндегі қалыптасу кезеңдерім, жарияланған зерттеулерім, қоғамдық, мемлекеттік қызмет саласында жеткен жетістіктерім мен ұлт руханиятына сіңірген еңбегім жайында түрлі сала мамандары әр жылдары жазып, баспа бетін көрген мақала, сыр-сұхбат, еркін пікір, жүрекжарды лебіздер мен жыр шашулардың өзі («Жаратқан, жар болғайсың» деген сыр-сұхбат кітабын қоспағанда. – авт.) «Берікнама» деген сере қарыс кітапқа топталып, сықырып тұр. Сондықтан балалыққа да, басқаға да, біршама саяхат жасалып жүр ғой, замандас. Қосарым, іштен оқып туған қазіргі көктүйнектер сияқты емес, біз алдын-ала жоспар құруды білмейміз. Жүрек қалауы осы жолға салды, сол ізге түсіп алып, желіп отыруды ғана білдік. Әйтпесе, осындай заман тап келерін білсем, бұл жолды таңдар ма едім, жоқ па, оны бір Алла біледі. Ал енді өзімді өзім шыңдаған, шыңдалған сәттеріме орай кейін кітап жазуды ойлап жүрмін. Фольклортану ғылымының заманауи нызамдарында ондай дәстүр бар. Ғылыми теория мен жыршылық тәжірибені тел менгергендіктен, солай ету керек сияқты.

2 БЕТТЕ

### «АНАҒА ТАҒЗЫМНЫҢ» ҮЙРЕТЕРІ КӨП



Жақында облыс орталығында ұлттың рухани құндылығы мен салт-дәстүрін келешек ұрпақтың бойына сіңіріп, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында «Анаға тағым» орталығы ашылды. Мұнда аты айтып тұрғандай, қазақ әйелінің бойына ұлттық рух пен тәрбиені, қазақы болмыстан ажырамауды мақсат еткен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылмақ.

Жақында Қызылорда облысына іссапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Анаға тағым» орталығының жұмысымен танысып, ұлт тәрбиелеуде рухани құндылықтарды сақтау маңызды екенін атап өтті.

«Анаға тағым» орталығының жұмысын оқырманға жеткізу үшін арнайы бардық. Жетекші маман Айдана Маратқызы орталық қызметімен таныстырды.

Орталықта есімі елгі белгілі қазақ аналарының, қайраткер тұлғаларының бей-

несі алдымен көзге түсті. Олардың өмір жолына қараған адам өз ойы мен бойын түзейді деген мақсатта салынған.

Сондай-ақ орталықта «Мирас» әжелер клубы бар.

– Мұнда есімі елге белгілі, іскер, ақжаулықты аналар жас қыздарға тоқыма тоқып, ұршық иіруді үйретеді. Қазақтың ұлттық колөнерін заманауи үлгідегі құрылғылар мен технологияларды қолдана отырып, түрлі бұйымдар жасайды. Ақжаулықты әжелер ақыл айтып, жол көрсетеді, – дейді жетекші маман.

4 БЕТТЕ

### ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ЖОРНАЛШЫНЫҢ ҒАНА МІНДЕТІ МЕ?

Қазақтың ардақты ұлы Міржақып Дулатов айтқандай, газет шығару оңай іс емес. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін жауапкершілігі зор жұмыс. Бүгінде қоғам арасында «газетті кім оқиды?», «жазылудың не керекі бар?» сынды әркілі пікірлер айтылып та жатыр.

Әрине, қоғамда қанша адам болса, сонша пікір болатыны да сөзсіз. Жұрт айтқандай, бүгінгі газеттің оқырманы бар ма? Жанашырлары қалды ма? Осы сұрақтың жауабын іздеп көрейік...

3 БЕТТЕ





# ТОПЫРАҒЫҢДЫ ТҮЛЕТУГЕ ЖҰМСАҒАН ҒҰМЫРДА ӨКІНІШ ЖОҚ



– Бір сұхбатында «Қан мен тер» трилогиясындағы «Қален» деп жүргеніңіз сол, менің түр нағашым. Былайғы жұрт сенсе де, сенбесе де әңгіменің анығы – осы!» дегіңіз. Осы рас па?

– Рас болғанда қандай! Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің жақын ағасы Қален – Көптілеу деген болған. Менің бабам Жақып сопының алғаны соның қарындасы. Нағашымның түркімен асып, барымтамен өкелген күліктердің соңы кезінде ортаққа түсіп кетіп, кеңестік колхоз-совхоздың малына айналып, кейін соның негізінде атағы дүркіреген «Құланды» жылқы зауытының іргетасы қаланды. Кіші Аралды бойлап отырып, «Ақпактан» батысқа қарай тік өрлесен «Көкарал» деген жер бар. Ата құлдық, бабаларымның ескі көңі – осы. Мұраттың Көптілеуінің қыстауының орны бар мұнда, осыдан екі-үш жыл бұрын әдейі барып көргенмін. Өкінішке қарай, моласының ізі жоқ, орны тегістеліп, үй тұрғызып жіберген. Туған, дүниеден кайтқан жылына қатысты құжаттарын таптым. Міне, сондай да қасқа тағдыр иелері өткен ғой, «Менің атым – Көптілеу, / Құмға біткен көк селеу. / Астымдағы ойнаған, / Алма мойын наз бедуе» деп, жағғаныңның жүзінен қиқу салып, қиялай шауып. Жалғыз тұяғы – қызы бар еді, Задабай деген, ол да кетті, келместің кемесіне мінгесіп. Әбдіжәміл нағашымның «Қан мен тер» трилогиясына тірек болған уақындар өткен жер болғасын ұғыл-шұғылы әрі тағамға қатысты әпсаналар бала күнімізден жадымызда қалған. Бірақ оны тарқатып, талдап отыратын жері бұл емес, замандас, терлеп-тепшіп, көсіліп кең отыратын дастарқан басы болмаса.

– Өзің айтқандай, қолыңдағы екі мың сағатқа жұмыс аудио-видео жазбаны жинау кезінде өз құлағыңмен естіп, көзіңмен көрген оқиғалардан айта кетсең...

– Бұл «екі мың сағат» деген тек тілге тиек гәптің шет-шепірі. Кеше ғана «Астана ақшамы» газетіне берген сұхбатыма айтқаным, мұның жайын індіңкіреп. Уақиға көп, оның қайсы бірін езіп отырайын. Қолжазба жинап, сөз қонған шатақ шал, шайпау кемпірдің талайымен тіл табысып, көкірегіндегісін сауып алып қалу оңай болған жоқ. Кейде ойға алып, ит арқасы қияннан іздеп барған шаруаның бірі де іске аспай, басың салбырап, бос қайтатын кездері болады. Бірің алдынан қуанып, екіншісінен әбден суалып шығасын. Ондай кезде «білмейді екенсің» деп қалай орнынан тік тұрып, кетіп қаласың? Содан отырғаның дызактап, ананы айтып, әрненің басын бір шалып, шығып кетудің ретін таба алмай. Сөйтіп жүргенде тұтас бірнеше күннің басына су құясың. Өзің жалаңақ студентсің, басқаны былай қойғанда, аудан мен екі ауылдың арасына көлік тауып барудың өзі мұң. Қайта бағымыз бар екен, соның бәрін абыроймен алып өттік. Негізі, мұндай кешенді ғылыми экспедицияларды кешегі Кеңес Одағы тұсында тұтас институт ұжымы ұйымдастыратын, жергілікті билік орындарына арнайы хат жазып, екіжақты келісіп, хабар беріп, сапардың керек-жарағын қамтамасыз ете отырып. Байқадыңыз ба, қарғдай баланың бір өңірдің мұрасын жинап, қаттап, қағазға түсіріп, ғылымға айналдыру жолында қандай бейнет кешіп жүргенін?

Бір жылы Жалағаш ауданының шеткі совхоздарының бірі «Аққырға» бардым, эпик жырышы Байнияз Желдербаевты іздеп. Бергі жағындағы «Жанаталап» ауылынан Абай Әлішбеков, Матай Ганиев, Мәлік Тоғызбаевтарды ұнтаспаға жазып, әңгімелерін қаттап, шай-су ішіп боламыз дегенше, ымырт үйіріліп кетті. Содан, совхоз директоры, марқұм Әмірбек Әбekenov ауылдағы жалғыз көлікті менің тақымыма беріп, жырышының шаңырағына түн жарымында жеттік. Есігін қағып ұзақ тұрдым. Бір кезде арғы жақтан кемпірдің дауысы естілді: «Бұл кім, әй?!». Мен кім екенімді, не шаруамен жүргенімді, қайдан келе жатқандымды, кімдерге жолыққандымды, мақсат-мүддемі, кімді іздеп келгенімді айтып, әбден бәйек болып жатырмын. Ол әбден қызыл кеңірдек қылып, тыңдап алды да, «Әй, бала, біздің шал өлең айтпайды!» деп, әңгімені шолт еткізді. «Далада қалып қоймасам нетті?» деп, жаным қыдырып бара жатыр. Мен тағы қайсы түсіп, осы үйге маңдай тіреп келгенімді айта бастағанда, «Біздің шал барлық білетін өлеңін ұмытып қалған» деді. Енді не істеймін? Сөйтіп тұрғанда жай басып, жөткірініп, «Саған не көрініп тұр, әй?» деп, иманды

болғыр, Байекең келе жатыр екен. Амандасып, жөн сұрасып, төрге озып, таң сарғайып атқанша, алдындағы бір шәуігім шаймен төрт-бес дастанды таспалатты. Қалғанын кейін, Алматыға шақырылған сапары кезінде телевидениеде, бірнеше күн Әл-Фараби атындағы Ұлттық университет студенттерінің жатақханасында жырлатып, репертуарын толық жазып алдым. Міне, күллі Сыр өңірінің мұрасы осылай жиналды. Айтпақшы, әлгі кемпірді сол күні, жолға шыққанға дейін де көрген жоқпын. Шамасы, айтқаны болмаған соң, өкпелеп жатып қалды-ау. Анекдот бар еді ғой, бір арақкордың әйелі бөтелкеден бас алмайтын күйеуінің алдындағы стаканды жұлып алып, қағып салып, «Мынауың ұдай ғой» дегенде, «Мені өмір бойы бал ішіп жүр дейсің?» деп, жылайтын. Сол айтқандай-ақ, мұра жинау оңай деймісің? Ел аралап жүрген кезде көресің ғой, талай жақсы-жайсаңға қоса, пенденің небір тұрпатын.

– Өнердегі ұстаздарың кімдер, шәкірттерің ше?  
– Бір нәрсенің басын ашықырап алу керек шығар. Менің танымымдағы «ұстаз» бен «шәкірт» ұғымдарын қазіргі білім беру жүйесіндегі «мұғалім, шәкірт» ұғымымен мүлдем шатастырмаған дұрыс. Мысалы, консерваторияда дәріс беріп жүрген уақытымда менің алдымнан сабақ алған студенттер болды, есім-сойларын атамай-ақ қояйын. Кейін, солардың көбі жел ұшырған қаңбақтай, әр тарапқа кетті. Бәлкім араларында мені «ұстаз» санайтындар бар шығар, ессенің, «шәкіртім» деп айта алмайтындарым да көп. Алдымда отырып дәріс тыңдамаса да, кеше келді Қызылордаға, бір қызметтің тұтқасына, талантты іні-шәкірттің бірі – Мүсілім Әмзе деген қазақ. Ол – дирижер, мен – эпик жырышы, арамызда еш байланыс жоқ сияқты, иә? Астанада жүр сондай іні-шәкірт, кеше ғана «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды, домбырашы Бақытжан Дүйсенғазы. Мәдениет пен руханият биігіндегі Елдос Еміл де іні-шәкірт, Ақтөбеде Гүлмарс Аманбаева деген құбылыс әнші бар. Бірақ мен бұлардың ешқайсысын қолынан жетектеп жүріп, итаршылықпен түрлі конкурстардан жүлделі орын алып беріп, сол олжадан «бөлісіп», құлқын дүние, көрбақ танымға тәрбиелеген жоқпын. Сүмелдеген сұлу тазы еріткен арам аңшы секілді «ұстаздарды» түсіне алмаймын. Қазір «ұстаз» таңдайтын болып жүр шәкіртті, бұрын керісінше, шәкірт қалайтын болған ұлық ұстазды. Алдың көрмей-ақ, сабақ алмаса да, белгілі орындаушының даңқына шәкірт болғандар қаншама? Шіркін, ол дәуір түгел төңкеріліп кетті ғой. Сондықтан, менде ұстаз көп, замандас. Алдына барып, көзін көріп, бір ауыз өсиетін тыңдаған қазыналы қара шал – маған ұстаз, алдымда отырып бес жыл дәріс тыңдаса да, өзегіме үңіле алмаса, мен ешкімді «шәкірт» санатына қоса алмаймын. Өрине, бұл мәселе ғылымда сал басқашалау. Десе де, жетіктірген жетекшім белгілі фольклортанушы ғалым, академик Рахманқұл Бердібаев болатын.

– Ұлт мұрасын жинап-теріп, ғылыми айналымға ендіріп, халық қазынасын аршып, жиырма бес жасында ғылымға тың жаңалық ендірдің. Сыр бойының әдеби-музыкалық фольклорын зерттеуге саналы ғұмырыңды жұмсадың. Осындай қиын жұмыстарды ерінбей, жалықпай атқаруға деген құлшыныстың сыры атамекен, туған елге, ұлт мүддесіне деген жанашырлықтан болар...

– Сұрағыңның алғашқы екі сөйлемімен толайым келісемін, әрине. Ал үшінші сөйлемі, әсіресе «жанашырлыққа» байланысты ойыңа орай көлгірсіп, «Иә, көзімді тырнап ашқаннан жанашыр болып едім!» деп, опа бермейтін позаға тұра алмаймын, замандас. Мұның барлығы жалған эмоцияға құрылған, мақтанға ғана қолайлы, биік пафосты сөздер. Ғылымға да, өнерге де адам бейсаналы келеді, саналы түрде келетіндер тым сирек. Ал, «атамекен, туған ел, ұлт мүддесіне деген жанашырлық» жайы үшінші жақтан айтылып, еңбегіне берілген баға есебінде қолданылса, сол орындырақ болмақ. Жалпы «ел үшін, жер үшін» деген жалынды сөздерге жоқпын, егер ол атқарған істің елге пайдасы тисе, кім үшін екені онысыз да белгілі емес пе? Шынымен де, мен осының бәрін өзім үшін жасадым ба, әлде ел үшін жасадым ба? Негізі, шоқпарбас сұрақтың бірі – осы! Жазса, жинаса, зерттесе «Өзі үшін жасаған жоқ па?» дейтіндер аз емес. Сондықтан «жанашырлық» мәселесін көптің талқысына қалдырайық, бұл өзі жанашырлықпен болатын нәрсе ме, әлде өлмермендіктің белгісі ме екен, солар айтсын.

– Жиырма жасыңда бүкіл елге «Жыр күмбезі» деген күйтабағың тарап, Ташкенттің «Мелодия» фирмасынан басылып шықты. Ол кезде, естүім бойынша, мұндай жетістікке халық артисітері мен педагог профессорлар ғана қол жеткізеді екен. Оң сегіз жасыңда Нұртұған, Жиенбай, Тұрмағамбет, Омар, Жүсіптің жыр-термелерін күйтабаққа жазыпсың. Сонда, тым жас болсаң да репертуарыңа бір күн, бір түн айтатын жыр қорын жинақтадың. Мұндай құймақұлақтық кімнен дрыған?

– Қандай жақсы-жаман қасиет болсын, екен мен шешеннің, арғы ата-бабаңнан басқа кімнен дарушы еді?! Дұрыс аңдап отырсың, жырышылықтың, басқа да «қасиет» түрлерінің генетикалық жаздыс, тосыннан келетін түрлері болады. Мендегі құймақұлақтықта соның екі қанаты да бар болуы мүмкін деп ойлаймын. Оң үш жасыма да томағамды алып, топқа түстім. Менің жырышылық әлеуетім – потенциалым, орындаушылық өнерді толық тұтынбаған кезеңде ғылыми ұшыға ауысты. Кейін, ұзақ жыл үзілістен соң, домбыраны қайта ұстадым. Жарықтық, әрбір сөз, аңыз-өпсана, мақам-саз ою-өрнектерімен бәз қалпында, мөлдіреп тұр екен. Өзектегі нәрсе өңбесе, өшпейтінін сонда білдім. Бірнеше күн қайталаған кезде, бәрі орын-орнына тұра қалды, «кетті» деп жүргендерім қайтып келді. Сөйтіп, мен екі атпап биге шығып, өзімді алдап түсіріп, өзегімдегімен қайта табыстым. Соның бәрі не үшін дейсіз бе? Е, оның да соны шұбадан көштің шаңындай әңгіме. Ал енді өзін айтып отырған құймақұлақтық үнемі дамытып, қырлап, білгенінді қайталап отырмасаң, кетіле береді. Жақында бір Құран қаримен сөйлестім, үлпет арасында «Ұмытып қалмайсың ба?» деп сұрадым.

Сөйтсем, олар да жаттағанын қайталап, жаңартып отырмаса, жады ескіреді екен. Бізде қазір тыңдаушы орта жоқ, болса да дені бейсауат. Міне, құймақұлақтық қасиеттің сетінеуі осындайдан, тыңдаушы ортаның, өзінмен пардалас, жақаттас жанның болмауынан орын алады. Амал қанша...

– Жас кезінде жырышылықтың жайын күйтессең, есейе келе күйшіліктің мәнін сыр етіпсің. Бір қиыры Өзбекстан, Қарақалпақстан, бір шегі Қазақстанның Батыс, Қаратау, ортасы Сыр бойы – түгел қамтып, «Жиделі Байсын күйлерін» жинап, жүйелі зерттеу жүргізіп, ғылыми негізін жасапсың. Мұның бәрі қыруар еңбек пен маңдай тердің жемісі ғой. Осы кешенді еңбектен соң Сыр өңірі өз күйшілерін танып, шығармаларын оркестрлерге қосыпты. Сол кезден бастап бұл аймақта күйдің де сарқылмайтын бұлағы бар екенін қазақ елі мойындайтындай дәрежеге жеткізіп, ғылыми еңбектер жазыпсың. Сол тарихи сәт туралы айтып өтсең...

– Мен ол кезде бір алас ұрған, шарбы бұлттың үстінде қалықтап жүрген «бала бақсы» сияқты күйде жүретінмін. Үнемі ішімнен, «Өлемін деп еңбек ет, өлтірмейтін Күдай бар» дегенді қайталай беруші едім. Кейін осы тіркес өмірлік ұстанымға айналды. Дұрыс айтасын, бізге дейін Сыр бойының күйлері, оның байтақ тарихынан жазылған жүгіртпе макалалар, әсіресе Өлшекей күйші жайында Қ. Ертаевтың ессесі болмаса, жүйелі зерттеу, монография, оқу құралы атымен жоқ еді. Бұл тарапта, Сыр бойының күйлеріне қатысты кешенді зерттеу жасауда біз тыңға түрен түсіруші мұзжарғыш кемеңнің міндетін атқардық. Өлі есімде, кейбіреулер күйге жанасқанымды қаламады. Марқұм Қаршымбай Ахмедияровтың «Берік, күйде шаруан қанша, аулақ жүрмейсің бе, сен жырышы емесің бе?» дегені ойымнан кетпейді. Күйді бір адамдай шертіп, талдап, таразылай алатынымды оған қалай түсіндірейін? Бізге музыка теориясынан дәріс жүргізген ғалым Сайра Аманованың «Сыр бойында күй болмаған» деген топшылауы жанымға жай таптырмайтын. Содан соң, Сыр бойы күйлерінің ортарап болып, шашыранды күй кешіп, тіпті жырышылық мақам-саз аясынан шыққан Қазанғаптай дәулескердің Батыс Қазақстан аймағының күйшілік дәстүріне телініп кетуі түнде ұйқымыз бөліп, талайдың «Қап, осы не ме!» деп тісін қайрауына тап етіп, кейін тобығымнан қақтырғанын ұмытқан жоқпын. Шығармашылық жолымдағы басты кедергілер – ғылымға бел шешіп кірісіп, туған жердің төл мұрасы жайында басы ашық пікірлімі айтып, қолды болған мұраны иелі жерке қайтару жұмыстарымен тікелей байланысты болды. Өйтпесе, жырымды айтып, бір жерімді жуан саннан мықтап қысып, сахнада жүре бергенде, бұл күнде атақ-даңққа кеңірдектеп, шалқып жүрген болар едік. Біздің қазақ ғылыми шынықтық көтере алмайтын, ақиқатты жеке бастың бақастығымен өлшейтін халық. Мұның бәрі қыруар еңбек, маңдай тер екенін өзін де айтып отырсың. Дұрыс байқағаның, менің сонау студент кезімде, дипломдық жұмыс есебінде жазған «Жиделі Байсын күйлері» атты еңбегім кейін, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінде оқу құралы болып бекіп, мүйізі қарағайдай академиктердің ықыласына бөленіп, Қазақстан бойынша өтетін күй сайыстарының бағдарламасына енгенін былайғы жұрт біледі. Е, «Айтсам, әжем де кетедінің» кері ғой, ретті сөздің есебінен тіл ұшына орылып жатқан.

– Елге оралып, осы кезге дейін жиган-тергеніңізді Сырдың өнері мен ғылымын дамытуға арнасам деген ой мазаламай ма?

– Мұндай ой мені қанша жерден мазалағанмен кімге, қандай пайда, егер соған ықпал жасай алатындардың мазасын май ішкендей етпеген соң. Бағың парсы жұртының дүр шайыры Фирдаусидің уақиғасын білетін шығарсың. Әуелде «Осыны іске асыр!» деп тапсырыс берген ел билеуші патшасы табанасты уағдасынан тайып, мың ойлансып, сан толғанып, ақыры отыз жылдан кейін шайырын «жарылқап тастауды» ойлап, екі түйеге алтын артып бір қашадан кіріп келе жатқанда, асылдың ақық сүйегі шаһардың екінші даруазасынан шығып бара жатушы еді ғой. Осы тақырыпты індіккен Түрекемнің тағдырын айтпаса да, білесің. Шайырдың барлық сөз маржанын қалым қолжазбадан аршып алып, елімен қайта қауыштырған біздің күйміз мынау. Осыдан кейін қай нәрсенің жолында төр төтуге болады? Жалпы мен өз зерттеулерім арқылы Сыр бойының жеті ауданына да ортақпын. Кереметі сол, осы уақытқа дейін әлгі аудан басшыларының бірі «Беке, елге келіп, халықпен кездесу жасап кетсеңің!» дегенді айта алмай келеді. «Алпысқа тоғанша әйтеуір бір келер» деп жүр ме, қайдан білейін? Әлде «ақы сұрайды» деп қорқа ма? Шынымды айтайын, тынның татын тілімің ұшына салып көрген жерім жоқ. Мен үшін «қаз – қиғанына маз!» деген сөздің дәрежесі биіктеу.

Жалпы түбі елге оралу ойымда бар. Бұл өзі бір бүйірмді үнемі сыздатып тұратын жауыр жара сияқты нәрсе. Бірақ оралудың да өз жосығы болу керек, жөн білетіндер тарапынан. Зейнетке шықсам, еңбектесем де жетемін, оны ешкімнен де сұрамаймын. Ал қазір мұның бәрі туған топырағының тарихынан хабары бар, тағдырына аландайтын ат арқасындағыларға байланысты. Мен лауазым сұрап, ешкімді мазалап жүрген жоқпын. Шүкір, қызмет бар. Сыр бойының телгей мұрасын менгерген, жинаған, жүйеленген, ғылымға айналдырған маман ретінде «Енді осындай бәрі ел үшін, Сыр бойы фольклорының дамуына керек, келер ұрпаққа қажет, қалған жігеріңді елдің игілігіне жұмса, асыл ойыңды туған жердің табанында жүріп іске асыр, күрән топырағыңа орал!» дейтін ерен болса, барамыз, неге бармасқа? Жалпы туған топырағыңды түлетуге жұмсаған ғұмырда өкініш болмайды.

Сұхбаттасқан  
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Республика күніне орай Н.Бекеежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық академиялық драма театрында салтанатты шара өтті. Ұлттық мерекеге арналған жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

## ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ ТАРИХИ КҮНГЕ АЙНАЛДЫ

Аймақ басшысы салтанатты шарада көпшілікке қуанышты жаңалықты жеткізді. Ел тәуелсіздігі мен бірлігін ұлықтаған айтулы мерекеде Байқоңыр қаласындағы үш көшеге халқымыздың даңқты батырларының есімі берілгенін жеткізді.

– Республика күні – бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттырып, халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын ең ұлық мереке. Мереке қарсаңында атаулы күннің саяси мәнін айшықтайтын ауқымды жұмыстар жасалды. Енді Байқоңыр қаласындағы Авиационный көшесі даңқты әскери қолбасшы, Кеңес Одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының, Гостиничный проезд көшесі Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың, Внутриквартальный проезд көшесі қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың атымен аталады. Баршаңызды жағымды жаңалықпен құттықтаймын», – деді аймақ басшысы.

Республика күні мерекесі аясында ел астанасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен салтанатты жиын өтті. Аталған жиында түрлі салада еңбек еткен бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды. Солардың қатарында Сыр бойының азаматтары да бой көрсетті.

Оның ішінде «Таң» шаһаруа қожалығының төрағасы Имамзада Шағыртаева «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Мерекелік шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Еңбек Ерін марапатымен құттықтап, оның аймақтағы барша еңбек адамдарына, Сыр еліндегі жасампаз істерге берілген жоғары баға деп саныттығын айтып.

Аймақтағы салтанатты шарада еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік орден, медаль және Кеңес Одағының батыры Ассамблеясының марапаттары табысталды.

Мерекелік кеш соңы концерттік бағдарламаға ұласып, патриоттық әндер шырқалды.

Биыл қазанда Республика күні мерекесіне орай түрлі тағалымдық, патриоттық бағытта іс-шара ұйымдастырылды. Сондай-ақ облыс әкімінің қатысуымен Рәміздер алаңында Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Бұдан бөлек қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынатын 900 орындық білім ошағының, жаңа жылу электр орталығының іргетасы қаланып, тарихи күнге айналды.

А.СЕЙІЛ

## КІТАПХАНАШЫЛАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ



24 қазан – кітапханашылар күні мерекесіне орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітапханашы – мәртебелі мамандық» атты шара өтті.

Аймақтағы барлық кітапхана ұжымының басын қосқан шараға облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов қатысып, кітапханашыларды мерекемен құттықтады.

Шара барысында кітапхана саласында еңбек етіп, оқырман қалыптастыруда үлес қосқан қызметкерлер құрмет төрінен көрінді. Оларға «Мәдениет саласының үздігі», «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы», «Еңбек даңқы» төсбелгісі мен Мәдениет және спорт министрлігінің Алғыс хаты табысталды. Бұдан бөлек бірқатар кітапханашы облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың, сондай-ақ облыстық мәдениет және спорт басқармасының алғыс хатымен марапатталды.

Кәсіби мереке жиынында кітапхана тарихы мен кітап қорынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылды. Сонымен қатар шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Өнерпаздар ән-жырдан шашу шашып, мереке иелеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Ақмешіт-ақпарат»







# «АНАҒА ТАҒЫМНЫҢ» ҮЙРЕТЕРІ КӨП



Сондай-ақ мұнда өңірге белгілі көпестің шебері жастарға дәріс береді. Үйірге келісін әрбір жан қолындағы құпиясын біліп, ісмерлік қабілетін шыңдайтын жеткізді. Жасөспірім мен бойжеткен қыздардың сырласып, ой бөлісетін кезеңдері де назардан тыс қалмады.

Яғни орталықтан «Бойтұмар» клубы ашылған. Мұнда оқушы қыздар да, бойжеткендер де келеді. Олар арнайы мамандардың тренингі мен түрлі шеберлік сыныбына қатысып, кеңес алып отырады. Жалпы «Бойтұмар» әдет-ғұрып пен әдептілікке насихаттайды.

Жаңа өмірге қадам басар алдында бойжеткендерді түрлі мәселелер толғандыратыны анық. Осындай сәтте психолог кеңесіне жүгініп, өзін толғандыратын мәселенің шешімін табуға көмектесетін, сыр бөлісіп, кеңес беретін «Сырғалым» клубы да бар. Сондай-ақ мұнда бала күтімімен үйде отырған жас аналар мен оқушылар психологтан кеңес алады.

Жастар арасында қоғамдық пікір алмасу, ой бөлісу мақсатында «Ана тілі» дебат клубы ашылған. Клуб жетекшісі Айжан Орынбасар дебаттан республикаға облыстың атынан танылып жүр. Қазіргі таңда жастарға өз ойын жеткізу, сауатты және мәдениетті сөйлеуді үйретеді.

Жаңа ғимаратта жас-жұбайларға арналған мектепте бар. Ол «Жас отау – жас отбасылар мектебі» деп аталады. Мектептің жетекшісі қыз-келіншектерге қазақтың салт-дәстүрін, оның қасиетін түсіндіреді. Ал жас аналарға бұл мектеп қазақтың ырымын, шымылдық пен бесіктің киесін

қазақтың салт-дәстүрі туралы кеңінен насихатталады. Сонымен қатар отбасын сақтау, ене мен келін немесе қайсылы мен жеңге арасындағы сыйластық туралы және басқа отбасы тәрбиесіне арқау еткен тақырыптар кеңінен талқыланады.

«Анаға тағым» орталығында «Шамшырақ» фотобейне студиясы бар. Бұл студия ашылғалы орталықта түрлі бағдарламалар ұйымдастырылып, танымал есімдермен сұхбаттасуға мүмкіндік мол.

Сонымен қатар өнерге жақын адамдардың шығармашылығын шыңдайтын «Коворкинг» орталық үйірмесі де бар.

Мұнан бөлек, «Береке» аспаздық студиясы жасөспірім қыздарға ұлттық тағамды әзірлеуді үйретеді. Тіпті бойжеткендерді келін болуға дайындау үшін түрлі тағамдар пісіріп, ас үйдің құпиясын үйренеді.

Сондай-ақ «Ұлт жауаты» атты музейде қазақтың ұлттық нақыштағы киімдері көздің жауын алады.

Жалпы «Анаға тағым» орталығының үйретері көп. Орталық ашылғалы 400-ден аса адам қабылдаған. Жастар мен оқушылар арасында тренинг пен дебат ұйымдастырылып,

жас жұбайларға отбасы құндылығы насихатталып, жас келіншектерге ене мен келін тақырыбында кеңес беру жұмыстарын жүргізуде.

Бір сөзбен айтқанда, сәулеті келіскен «Анаға тағым» орталығының ұлт тәрбиелетін анаға, қазақ қызына берер тәлімі мол.

Мұнда келесі, ұлттық рухани құндылықтардан нәр алғандай, әдемі әсерге бөленесіз. Орталықтың сыры да осында болса керек.



АНАҒА ТАҒЫМ

Нәзира МҰҚАТАЕВА

## ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП



## ДАҒҒАЗАЛЫҚҚА НҮКТЕ ҚОЯТЫН КЕЗ КЕЛДІ

«Баласына бір той жасап бере алмай, дүниеден өтіп кетті қанша адам» деген ән бұрын көп айтылатын. Тойдың неше түрін көрдік. Ол тойлар бүгінгідей басқаша болатын. Дастархан мәзірінің ең төресі ұстық бауырсақ пен тайқазанға асылатын бұқтырма мен кәделі жілігімен алдына тартылатын ет болатын. «Бұдан жаман кезде де тойға барғанбыз» дегенді жылыраққа, қысқа киімге жоламай, қарапайым ғана жібек, немесе атлас, крепдешен көйлек киіп, ешкіммен бөсекелеспей, қыздар сызылып қана тойға баратын. Қазір жастарды заманына қарай бейімделсін деп безектеп қорғайтынмыз анық. Алайда бүгінде сыбызғыдай сызылған бойжеткен, сыпайы жымиятын бозбала азайды. Замана солай ма, адам өзгерді ме, әлде пейіл соған жетпей ме екен, мінезге жарымайтын жастар көбейіп барады. Жай телефон ұстағысы жоқ. Несиеге ұрынып, айфон алады. Оның да жылдан жылға жаңарған түрін алып, бір-бірімен бөсекке түседі.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деп қазір той жасаудан қазекен алдына жан салмай тұр. Дерт деңдегенде саябырыған той-думан қайтадан көбейді. Өлгі өленнің бір шумағында «барыңды да, нарынды да сал соған, ата-бабаң осы тойды аңсаған» делінеді. Бұл ағайынның жиған-тергені болса мақұл ғой, қарыға батып, несие алып той жасайтындарын қайтерсің. Бұл таптаурын болған ескертпе деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ осындай астамшылықтың кесірінен несиеден төлей алмай, отбасын бұзып, тіпті өзіне көп салып жатқандар қаншама. Белгілі академик Төрегелді Шарманов той тұрғысында пікір білдірді.

«Біздің қоғамды даңғазалық, тойшылдық, шамадан тыс даракылық жайлап алды. Бірімен бірі жарысып ат шаштырып той жасау, сол бір ғана той үшін баленбай сомаға шашылу басым. 50-60-70 жасты мерейтой етіп тойлаудың қажеті қанша? Мұның қоғамға пайдасы бар ма? Біреудің мерейтойының тойланғанынан ұлттың мәртебесі арта ма? Тіпті осындай даракы тойлардан қалыспаймыз деп қайсыбір ағайын қарызданып, қауғаланып той жасайды. Мұндайдан тыйылатын кез әлдеқашан өтті. Қазір той тойлап «әлеулейтін» заман емес. Қазір ақпараттық-технологиялық даму ғасыры. Өзге елдер осы көштен қалыспау үшін ғылым-білімін, мәдениетін, экономикасын жетілдіріп әлек. Біз әлі той-тойлаудың айналасында жүріміз» – дейді академик. Бұл сөздің жаны бар. Расында, қазіргідей алмағайым заманда жастар жан-жақты дамып, өркениетке ілесіп, ел тағдырын, жер тағдырын ойлауы керек.

Әлеуметтік желіде бір топ адамның құдалыққа тікүшәкпен келген бейнеуісірілімін ел тамашалап, мээ-мәйрам болуда. Ол көріністен құдалардың «Бақытты бол!» деген жазуы бар сары тікүшәкпен түскенін көруге болады. Одан кейін барлығы суретке түсіп, шашу мен дәстүрлі рәсім орындалады. Мұны көрген желі қолданушылары түрлі пікір білдіруде. Бір бөлігі ризашылық білдіріп «Керемет. Жастар бақытты, бай қуатты болсын!», «Дұрыс, қазағым осылай жүрсе», «Байдың ақшасын байғұс қызғанады», «Қолдан келсе неге жасамасқа? Бәрине жұғысты болсын» деп жатыр. Арасында кейбірі «Тұрсынбек Қабатов бір әзіл әлемі бағдарламасында 2020 жылы құдалар вертоллетпен келетін шығар» деп еді. Дәл айтты ғой», «Құдалар островтан келген бе, құда күтіп емес, ақша жинап жүр ғой құдағилар» деп пікір екіге жарылды. Құптамағандары «Токшылық не істетпейді. Доллары көп болса мұқтаждарға неге бермейді», «Даракылық. Қазақ білімге, ғылымға осылай құштар болса ғой. Бос мақтаншақтық қанымызда бар», «Адал еңбектен тапқан ақшаны бұлай шашпайды» деп желі қолданушылары әлеуметтік желіні шулатты.

Бұл көріністі бәсеке демесе болмайды. «Келдей байға, бай құдайға жетем» дегеннің нақ өзі.

«Құмарпаз боп, мақтанды қуып кетпе» деп ғұлама Абай қалай пәлсапалық ой қозғаған. Шектен шыққан даңғазалық пен құр мақтаншақтық, көрсекызарлық пен бәсеке адамның пиғылын бұзады. Сол тікүшәкты өз қазағымыз ойлап тауып, құрастырып шығарса, айдай әлемге жаналық ашық деп ұлтымыз мақтан етер еді. Аспаннан ақша шашып, оған таласқан көпшілікті бір тамашалаған жұртшылық, ақула етін той дастарханына әкеліп атын шығарған Әлжанпар бауырмызға тағы тамсанды. Мұның бәрі мақтан қуып, қатарластарынан озудың, оларға шаң қақтырудың бәсекесі ғана. Басқа ешқандай тойдың өзектілігі деп мақтанға тұрмайды. Бұл көрініс омыр қиындықпен өтіп, нанын әзер тауып, бала-шағасының кем-кетігін толтыра алмай жүргендердің ашу мен ызасын келтіреді.

«Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек бекер мал шашпақ. Бес дұшпаның білесіңіз» – деп Абай дана ондай қасиетті дұшпанаға баалаған. Адам бойындағы ең жіркеншігісі – өсек айту, өтірік сөйлеу, еріншек болу, өзіне Алла берген несібесін құр мақтан үшін тәрк ету.

«Қазақтың тойы бітпесін» дейміз-ау. Шектен шыққан даңғазалық, мақтан қуу, бәсеке адам баласын аздыруға жетелейді.

Гаяһар ҚОЖАХМЕТОВА

## ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

«Сыр өңіріндегі қасиетті орындар» атты әдеби-танымдық буклет жарық көрді. Жинақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесінің мақұлдауымен «Тұмар» баспасынан шығарылып отыр. Жоба жетекшісі – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Г.С.Оралова.

Биылғы сәуір айында ҚРҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР14870690 «Сыр өңіріндегі қасиетті орындар мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» атты жоба аясында ұйымдастырылған экспедиция кезінде қасиетті нысандар тізіміне еңбесе де жергілікті халық киелі орындар санайтын Арал, Қазалы аудандарындағы Жетес би, Орал ахун, Толыбай батыр, Орынбет ишан кесенелері туралы деректер (тарихи деректер, аңыз-аңсаналар, т.б.) жинақталған еді. Зерттеу еңбегінде осы және басқа да қасиетті нысандардың орны, геологиясы, тарихи мәліметі, сипаттамасы, аңыз мейлінше нақты әрі жинақы ұсынылған.

2017-2019 жылдары «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Сыр өңірінде 72 тарихи-мәдени ескерткіштің 12-і жалпыұлттық, 60-ы өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгені белгілі. Оқирманға ұсынылып отырған зерттеу жинаққа Қызылорда облысында орналасқан 55 қасиетті нысан тізіміне еңбей қалған тарихи ескерткіш саналады. Ел арасында киелі саналып, қасиетті орын қатарына енетін ондай жерлердің бірі – екілісіне тоқталар болсақ.

Жетес би кесенесі – Арал ауданы, Ескіұра ауылында орналасқан. Жетес Қыстаубайұлы (1828-1914) Кіші жүз құрамындағы Өлімүлі тайпасы, Шекті руының Жақайым аталығынан шыққан. Жетес би ел арасындағы даулы мәселелерді шешуде тапқырлығымен,

әділдігімен көзге түскен. Жетес бидің Райым, Шыбынды болыстарын басқарғаны туралы деректер бар. Оның билік кесімдері, шешендік сөздері ел арасына тарап, «тілді би» атанған. Жетес би туралы Қ.Салғариннің «Көмбе», С.Толыбековтің «Қазақ шежіресі» кітаптары мен «Ел аузынан» жинағында жазылған. Бидің кесенесі 2007 жылы қайта жаңғыртылған. Орал ахун кесенесі – Арал ауданы, Шөмішкөл ауылынан 1,5 км жерде орналасқан. Орал ахун Қазмамбет баласы (1823-1903) жастайынан ауыл молдасынан сауат ашып, 10 жасында ұстаздарын зеректігімен таңқалдырған екен. Содан кейін Бұхарадағы әйгілі Көкілташ медресесінде 40 жыл діни білім алып, 50 жасында елге оралған. Ахунның елге оралған уақыты Сыр өңірінде Ресей империясының отарлау саясатының күшейген кезіне сәйкес келеді. Орал ахун елге келгеннен кейін мешіт салып, діни-ағарту жұмыстарымен айналысады. Кісіге қайырымды мол, шапағаты зор болған. Атағасына бір рет мешітке түскен қайыр-садақадан аш-арықтарға «шүлен қазан» таратады екен. Дегенмен мешіт толық сакталмай, Кеңес өкіметі тұсында большевиктер тарапынан бұзылып, қазіргі уақытта тек орны сакталған.

Толыбай батыр Мыңбайұлы – Жанқожа батырдың замандасы. Көнекөздерден қалған дерек бойынша Толыбай Жанқожадан бес жастай үлкен көрінеді. Шамалап есетегенде Толыбай батыр 1770 жылы туып, 1869 жылы дүниеден өткен. Халық Толыбай батырдың

жаудан тайсалмайтын өжеттігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Батырдың кесенесі XIX ғасырда саз кесектен күмбезді етіп салынған.

Орынбет ишан Дөрменқұлұлы (1821-1906) Жанқожа батырдың сенімді серігі әрі пірі болған Дөрменқұл ишанның баласы Орынбет ишан алғашқы діни сауатын әкесінен алып, 16 жасында Хиуадағы Көкілташ медресесінде 8 жыл оқып, үздік тәмамдаған. Мұнан соң Бұхарадағы Мир Араб медресесінде 5 жыл дәріс алып, Иршад ишан шатырхатын иеленген. Бұхара медресесінде діни оқумен қатар, әскери және табиғи емшілікті де игеріп шығады. Ұстазы оқып жатқан 200 бітіруші шәкірт ішінен Орынбет ишанды Бұхара әмірінің қазылығына ұсынады. Орынбет ишан 37 жасында Кішкенге аталығының, оның ішінде Асан руының сұратуымен Сыр бойына, Бекарыстан би бастаған алты Матағұл ағайынның ортасына алдырылады. Үш жерден мешіт салып беріп, балаларды діни, иман мен білімнің әр саласынан сауаттандырады.

Әрине, экспедиция барысында анықталған тарихи ескерткіштер әлі де зерттеуді, қасиетті нысандар тізіміне енгізуді қажет ететіні белгілі. Буклет Сыр өңіріндегі тарихи, мәдениеті мен әдебиетін зерттеушілерге, өлкетанушыларға, туристерге арналған.

А.САЙЛАУ

## ШЕРЛОК ХОЛМС ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕДІ

Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың туындысы әлем әдебиетіне жаңа бағыт әкелді. Әсіресе, Шерлок Холмс туралы детектив жанрындағы әңгімелер тізбегі Конан Дойлдың Англияда ғана емес, әлемге танымал жазушы қатарына қосты.

Автордың Шерлок Холмстың детективтік бейнесін ерекше ашқан туындысы – «Баскервильдер иті». Жұырда аталған шығарманы әріптесіміз, облыстық «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары Еркін Шамшидин аударып, кітап «Фоллиант» баспасынан жарық көрді.

Қазақтілді оқырманға жол тартқан туынды шытырман оқиға мен көркемдік шешімге толы. Әсіресе, ағылшын тұрмыстық мәнері, ғылыми ақпар, сезімдер арпалысы шебер жеткізілгені байқалды.

Оқиға сюжеті жұмбақ жағдайда қаза тапқан Чарльз Баскервильдің өлімін тергеуге негізделген. «Шайтан иттің»

шырмауына түскен әулеттің қорқынышы, ырым-тыйымға сенгіш жұрт әрекеті баяндалып, Шерлок Холмс пен Уотсон дәрігердің ізкеу әдісі айтылады.

Еске салайық, шығарма алғаш рет 1901 жылдың тамызынан 1902 жылдың сәуіріне дейін британдық «Strand» журналында жарияланған. Бұған дейін ағылшын, орыс тіліндегі нұсқасы тарағанымен, аталған шығарма қазақ тіліне алғаш рет аударылды.

А.БІТІМБАЙ

Меншік иесі:

**СЫР**  
**МЕДИА**

жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр» медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3109 Тапсырыс №1704

Нөмірдің кезекші редакторы Айгана СЕЙІТ